

**Педагогикалық кеңес
№ 1 хаттамасы**

Өткізілген уақыты: 31.08.2023ж

Қатысқандар: 17

КҮН ТӘРТІБІ:

Бастапқы

**Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы;
тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»
Өтілу түрі: аналитикалық жоспарлау**

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.
(Директор Оспанова А.С)
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы
(Әдіскер Қаршығаева М.Б)
3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс
жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну (Директор Оспанова А.С)
4. Балабақшаның сараптау комиссиясының құрамын бекіту. (Директор
Оспанова А.С) (Әдіскер Қаршығаева М.Б)
5. Тілдер туралы Заңының орындалуы және Тілдер мерекесін атап өту
(Әдіскер Қаршығаева М.Б)
6. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
(Әдіскер Қаршығаева М.Б)
7. Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет
дайындау. (Куйкалакова Ж.К)

I- мәселе бойынша

ТЫНДАЛДЫ:

Балабақша директоры Оспанова А.С тәрбиеші-педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырылды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы, әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, педагог-психолог, логопед кіретіндігін айтты.

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша әдіскер Қаршығаева М.Б сөз алды. Педагогикалық құрамдағы өзгерістер мен толықтырулар туралы айтты. Педагогикалық ұжымда жас маман Ағын Зәуре логопед қызметіне кіріскені

жайлы айтып, педагогикалық ұжыммен таныстырды. Ал педагогикалық кеңестің хатшысы етіп сайлауға тәрбиеші Советханова Альбина ұсынылды.

II- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша әдіскер Қаршығаева М.Б сөз алды. Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Іс-шаралар жоспарлары жинақталып, суреттерімен бірге әлеуметтік желілерге, балабақша сайтына күнделікті салынып отырды. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылып отырды.

III- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Келесі мәселе бойынша балабақша директоры Оспанова А.С жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспары 7 бөлімнен тұрады.

2023-2024 оқу жылына мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан-дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін-өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында келесі бағыттар арқылы жұмыс жүргізіледі.

- ✓ мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- ✓ азаматтылықты, қазақстандық патриотизмді, Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.
- ✓ моделді жүзеге асыру аясында мектепке дейінгі ұйымның білім сапасын арттыру;
- ✓ балаларды қызықты ойын түрінде білім беру дағдыларын кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту және дамыту;
- ✓ әлеуметпен, отбасымен қарым-қатынасты дамыту.

Жылдық жоспарда аталған бағыттар арқылы жұмыс атқарылуы жоспарланған. Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру мақсатында, әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды. Сондай-ақ балабақша әдіскері Қаршығаева М.Б жылдық жоспарда өткізілуге тиісті семинарлардың жоспарланғандығын айтты және кеңес беру

жоспарланған. Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, 5 әдістемелік кеңес, 3 балалардың құзіреттілігінің қалыптасу индикаторы жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 2 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс-шаралар, ашық есік күндері жоспарланды.

«Бөбек» балабақшасында жүзеге асырылатын білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа өнімді технологияларды меңгеру, педагогикалық шығармашылықты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында балабақша директорының бұйрығымен әдістемелік қызметтің құрылымы бекітілді.

МДМ әдістемелік қызметінің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес құрылды. Әдістемелік қызметті әдістемелік кеңес басқарады. Әдістемелік кеңеске балабақша әдіскері жетекшілік етеді. Әдістемелік қызмет құрылымы келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады.

Семинарлар (практикум, тұрақты қызмет ететін, теориялық);

Озық педагогикалық тәжірибе мектебі;

Әдістемелік қызмет құрылымдарының жұмысын үйлестіру шеңберінде өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Оқу жылының көлемінде 5 отырыс өткізіледі. Әдістемелік кеңестің педагогикалық кеңеспен тығыз байланысты. Педагогикалық кеңестерді сапалы өткізі үшін, әдістемелік қызмет жоғары нәтижеге бағытталған мақсатты жұмыстарды жүзеге асырады.

2023-2024 оқу жылдық жоспарын балабақша директоры, әдіскері және психологі бірігіп отырып құрды. Сондықтан осы айтылғандарды құптаймын, жылдық жоспарға алып қосарымыз жоқ десеңіздер бекітейік.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Әдіскер Қаршығаева М.Б жылдық жоспарда барлық педагогтің жоспарды жүзеге асыру рөлі, ұйымның мақсат-міндеттері, іс-әрекет және қызмет түрлерін іске асыру қызметі және іс-шараларды өткізетін жауапты адамдар нақты көрсетілген. Сол себепті менің ойымша бекітуге болады деп ойлаймын деп өз ойын түйіндеді.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕН: Балабақша тәрбиешісі Құйкалақова Ж.К жылдық жоспарды бекіту үшін дауысқа салайық деп ұсыныс жасады. 2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарының бекітілуін бірауыздан қолдады.

IV- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша директоры аттестаттау сараптама тобының құрамы бұрынғыша қалатынына тоқталды. Аттестаттау сараптама тобының жылдық жоспары, аттестаттау сараптама тобының отырыс жоспары талқыланып, бекітілді. Директор Оспанова А.С педагогтерге біліктілік санаттарын беру қағидаларының жалпы ережелерін, педагогтерге біліктілік санаттарын беру тәртібімен таныстырып өтті.

V- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Келесі мәселе бойынша әдіскер Қаршығаева М.Б сөз алды. Әдіскер «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы», «Баланың құқығы туралы», «Мемлекеттік рәміздер» Заңдарының орындалуы туралы жоспармен таныстырып өтті. Және жоспардың негізгі мақсатымен таныстырды. Мақсаты: мемлекеттік тілдің кең таралуын жүзеге асыру. Білім беру процесінің барлық қатысушыларын (педагогтар, балалар және ата-аналар) осы мәселені іске асыруға қатыстыру. Балабақша директоры жоспарға сәйкес жұмыс атқарылуын талап етті.

VI- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Алтыншы мәселе бойынша балабақша әдіскер Қаршығаева М.Б Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстырды.

Тәрбиелеу-білім беру процесі:

-перспективалық жоспарға

-циклограммаға

-баланың жеке дамуының мониторингі арқылы іске асырылады.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптар жайлы таныстырды.

Жылына 3 рет бірінші және екінші жарты жылдық бойынша балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі 2021 жылдың 09 шілдедегі №59бұйрығымен бекітілген. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларының 3 кестесіне сәйкес құрылды. барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспармен таныстырып өтті.

VII- мәселе бойынша

ТЫҢДАЛДЫ:

Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау жұмысы тәрбиеші Тохтарова.А.Т тапсырылды.

ШЕШІМ:

1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекітілсін. Педагогикалық кеңестің хатшысы етіп Советханова Альбина тағайындалсын.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық деп есептелсін.
3. Балабақша жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
4. Балабақшаның сараптау комиссиясының құрамын бекітілсін.
5. Тілдер туралы Заңының орындалуы және Тілдер мерекесінің атап өтілуі жоспарға сәйкес жүргізілсін.
6. Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған іс-әрекеті бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындау мерзімі оқу жылы барысында.
7. Келесі педкеңеске тапсырма: «Модельдеу жұмысының тиімділігі» буклет дайындау жұмысы тәрбиеші Тохтарова.А.Т тапсырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: *Аспанова* Оспанова.А.С
Хатшы: *Советханова* Советханова.А.Е